СИЛЛАБУС
«Гематология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
«Терапия» - 6В10120 білім беру бағдарламасы

1.	**Пән туралы жалпы мағлұмат**		
1.1	Пән коды: - Gem 6306	1.6	Оқу жылы: 2025 - 2026
1.2	Пән атауы: Гематология	1.7	Курс: 6
1.3	Реквизитке дейінгі: ішкі аурулар 1, ішкі аурулар 2	1.8	Семестр: 11,12
1.4	Реквизиттен кейінгі: резидентурада өтілетін пәндер	1.9	Кредит саны (ECTS): 4
1.5	Циклі: КП	1.10	Компоненті: МК
2.	**Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)**		
Жиі таралған гемотологиялық патологиялар диагностикасы және сараланған диагностикасы; әртүрлі патологиялық күйлердегі қан түзу органдарының функционалдық күйлер ерекшеліктері; лабораторлық –инструменталдық зерттеу әдістерінің деректерін талдау; негізгі гематологиялық синдромдардың арнайы лабораторлық маркерлерін анықтау; стернальді пункцияға көрсеткіштер; гематологияда қолданылатын дәрілік заттардың әсер ету механизмдері, қолдану тәсілдері; гематологиядағы кезек күттіртпейтін көмек; уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздықты сараптау; науқастармен тиімді қарым-қатынас бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастырады.			
3.	**Жиынтық бағалау түрі**		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша +	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау+	3.8	Басқа (көрсету)
4.	**Пәннің мақсаттары**		
Интерндерде қан жүйесінің ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу үшін қажетті клиникалық ойлау мен кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, зертханалық және аспаптық диагностиканың заманауи әдістерін меңгеру, сондай-ақ гематологиялық патологиясы бар пациенттерге шұғыл көмек көрсету дағдыларын дамыту.			
5.	**Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)**		
ОН1	Пациентті тексеруді жүзеге асырады және дәлелді медицина тұрғысынан диагностикалық зерттеу жоспарын құрастырады, зерттеу нәтижелерін бағалайды, клиникалық диагноз қояды, дифференциальді диагностика жүргізеді.		
ОН 2	Гематологиялық науқастарды емдеу, алдын алу, оңалту жоспарын әзірлеу дағдыларын қолданады және фармакокинетикасы мен медициналық көмек көрсету стандарттарына, клиникалық ұсынымдарға сәйкес әртүрлі топтағы препараттардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, дәрілік препараттарды таңдауды негіздейді		
ОН 3	Ересек жастағы гематологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету кезінде шешім қабылдайды		
ОН 4	Терапевт-дәрігер құзыреттілігі аясында пациенттердің жай-күйін кешенді бағалау және динамикалық бақылау кезінде пациенттермен, олардың отбасы мүшелерімен және әріптестерімен тиімді өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қолданады, гематологиялық науқастардың еңбекке қабілеттілігін және жұмысқа жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалтуға сараптама жүргізуге қатысады.		
ОН5	Медициналық ақпаратты талдау, оқыту және клиникалық тәжірибені жетілдіру үшін заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын (соның ішінде шешімдерді қолдау жүйелері мен ChatGPT) қолданады, Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті, заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес медициналық құжаттаманы жүргізу дағдыларын қолданады, аналитикалық және зерттеушілік тәсілдерді қолдана отырып клиникалық талқылауларға		

	және пәнаралық консилиумдарға қатысады.	
5.1	**Пәннің ОН**	**Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері**
	ОН 1	**ОН 1** Шағымдары мен анамнез жинауды, физикальді тексеруді жүргізеді, симптомдар мен синдромдарды талдайды, негізгі клиникалық синдромдарды және синдромдары ұқсас аурулар тобын бөледі, болжам диагнозды құрастырады
		ОН2 Диагностикалық зерттеудің жеке жоспарын құрастырады, зертханалық-аспаптық зерттеу нәтижелерін талдайды, жиі таралған терапиялық аурулардың диагностикасын және дифференциальді диагностикасын жүргізеді, клиникалық ойлау мен дәлелді медицина принциптеріне сүйене отырып клиникалық диагноз құрастырады.
	ОН 2	**ОН 3** Емдеудің жеке жоспарын құрастырады, стандарттар мен клиникалық хаттамаларға сәйкес фармакотерапияны дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі мен қарсы көрсетілімдерін ескере отырып тиімді тағайындайды, динамикалық бақылау жүргізеді, науқасты бағыттауға және еміне түзетулер енгізеді
	ОН 3	**ОН 4** Жедел жағдайларда, өмірге қауіп төндіретін күйлерде, сонымен қатар, шектеулі ресурстар жағдайында (санитарлық және авиациялық медицинаны бірге қарастыра отырып), шұғыл медициналық көмек көрсетеді, уақытылы ауруханаға жатқызуды ұйымдастырады.
	ОН 4	**ОН 5** Пациентпен, оның ішінде, мүмкіншіліктері шектеулі пациентпен, тиімді байланыс жасайды, сенімділік қарым-қатынас қалыптастырады, инклюзивті және пациентке бағытталған тәсілді қолданады, ем қабылдауға және салауатты өмір сүруге ынтасын арттырады.
	ОН2	**ОН6** Созылмалы ауруларды ерте анықтау мен профилактикасын, санитарлық- ағарту, соның ішінде, инклюзивтік денсаулықсақтау және медициналық көмекке тең қолжетімділік сұрақтары бойынша жұмыстарды жүзеге асырады.
	ОН5	**ОН 7** Медициналық құжаттарды (соның ішінде тәлімгердің бақылауымен, электронды құжаттарды) жүргізеді, қазіргі заманауи сандық технологияларды және жасанды интеллект элементтерін қолданады; аналитикалық және зерттеушілік тәсілдерді қолдана отырып клиникалық талқылауларға және пәнаралық консилиумдарға қатысады.
		ОН8 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау аймағына қатысты құқықтық және ұйымдастырушылық құжаттар аясында жұмыс жасайды, нормативтік құжаттарды және терапевттің медициналық көмек көрсетудің әртүрлі деңгейлеріндегі қызмет істеу принциптерін біледі, дәлелді медицина принциптерін қолданады және кәсіби даму мен ұжым мүшелерін оқытуға қатысады.
6.	**Пән туралы толық ақпарат**	
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория):	
	Кафедраның орналасқан жері: Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, Аскарова 26а ШЖҚМКК- дағы № 13 –ҚЕ, Шымкент қаласы, 4 мкр., Балапан-ата 22/1, «Ай-нұры» медицина орталығы, Шымкент қаласы, Байтурсынова 2 ШЖҚМКК- дағы № 8 –ҚЕ, Шымкент қаласы,Тауке хан 35 ШЖҚМКК- дағы № 1 –ҚЕ **Электронный адрес:** femmed_skma@mail.ru Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда сайттың басты бетіндегі «ОҚМА» АҚ сайтының CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар және/немесе электрондық пошта арқылы хабарласа аласыздар.	

6.2	Сағаттар саны	Дәріс	Тәжір.сабақ	Зертх. сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ
		-	40	-	12	68-12 = 56

7.	**Оқытушылар туралы мәліметтер**		
№	ТАЖ	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адрес
1	Емешева М.А.	Ассистент	

8.	Тақырыптық жоспар					
Апта/ күн	**Тақырып атауы**	**Пәннің қысқаша мазмұны**	**Пәннің ОН**	**Сағат саны**	**Оқыту технологиясының формасы/әдістері**	**Бағалау әдістері/формалары**
1	**Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы:** Клиникалық гематологияның теориялық негіздері және науқастарды тексеру әдістері	Гемопоэз жүйесінің физиологиясы. Қалыпты гемопоэз. Сүйек кемігі мен қан жасушаларының морфологиясы. Гемопоэздің заманауи схемалары. Гемопоэзді реттеу принциптері. Тромбоцитопоэз. Эритропоэз. Гранулоцитопоэз. Лимфопоэз. Жіктеу. Зерттеудің заманауи әдістері: жалпы қан анализі, миелограмма, коагулограмма. Зертханалық көрсеткіштерді түсіндіру негіздері. Сүйек кемігінің трепанобиопсиясы. Орындау әдістемесі. Мүмкін асқынулар. Медициналық құжаттамаларды толтыру	ОН1 ОН5	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау

	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Қан жүйесі аурулары бар науқастарды тексеру әдістері	Сұрақ қою. Физикалық әдістер: тексеру, пальпация, перкуссия және бауыр мен көкбауырды пальпациялау. Зертханалық және аспаптық зерттеу әдістері: қанды морфологиялық зерттеу, темір алмасуын зерттеу, жалпақ сүйектердің (бас сүйек, жамбас, қабырға) рентгенографиясы, стерналды пункция. Стерналды пункцияға, трепанобиопсияға көрсеткіштер және нәтижелерді түсіндіру. Ішкі ағзалардың патологиясын бейнелеу әдістерінің (Р-графия, МРТ, КТ, радиоизотоптық зерттеу, ангиография, қан тамырларының доплерографиясы) интерпретациясы, көрсеткіштері, жүргізу ережелері және зерттеулердің диагностикалық құндылығы. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас.	ОН 1 ОН 4	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді Бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы

2	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Анемия: жіктелуі және жалпы тәсілдері	Эритропоэз және оны реттеу. Анемияның патогенетикалық түрлері (постгеморрагиялық, гемолитикалық, гипо - және апластикалық). Синдромдарды анықтау: сидеропениялық, цитопениялық, гиперпластикалық, плеторлық. Тұқым қуалайтын анемия. Этиологиясы, патогенезі. Таралуы. Мембранопатиялар және ферментопатиялар. Терапияның заманауи тәсілдері. Метгемоглобинемия. Метгемоглобинемияның клиникалық және зертханалық белгілері, даму себептері, шұғыл көмек.	ОН 1 ОН 3	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Порфирияны диагностикалау және дифференциалды диагностикалау принциптері.	Порфирия. Эритропоэтикалық порфириялар. Эритропоэтикалық уропорфирия. Эритропоэтикалық протопорфирия. Эритропоэтикалық копропорфирия. Бауыр порфириясы. Жедел үзіліссіз порфирия. Тұқым қуалайтын бауыр копропорфириясы. Копропропорфирия. Порфирияның Честер формасы. Урокопропорфирия. Клиникалық курс. Диагностика және дифференциалды диагностика. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас.	ОН 1 ОН 4	2/5	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
3	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Темір тапшылығы анемиясы	Темір тапшылығы анемиясының этиологиялық жіктелуі. Клиникалық көріністер, зертханалық диагностика. ТТА ауырлық дәрежесі бойынша жіктелуі. Қанның жалпы анализін, гемограмманы, қанның биохимиялық анализін, сарысулық темір көрсеткіштерін, ферритин деңгейін, қан сарысуының жалпы темір байланыстыру қабілетін, трансферриннің темірмен қанығу коэффициентін зерттеу деректерін түсіндіру. Дифференциалды диагноз және қосымша зерттеулердің негіздемесі. Жасырын темір тапшылығы. Темірдің функционалды жетіспеушілігі. IRIDA (жетекші белгі – ферротерапияның тиімсіздігі). Созылмалы аурулардың анемиясы. Емдеу және алдын алу тәсілдері.Диагностикалық стратегия. Болжам. Асқынулар. Кардиологиялық науқастардың еңбекке қабілеттілігін және кәсіби жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалтуға сараптама жүргізу үшін пациенттердің жай-күйін бағалау. Денсаулық сақтау	ОН 1 ОН 2	4	«Стандартталған пациент» әдісі	Бағалау парақтары

		заңнамасында көзделген медициналық құжаттаманы ресімдеу.				
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Сидеробластты анемиялар	Туа біткен сидеробластикалық анемия: х-байланысты сидеробластикалық анемия, аутосомды-рецессивті сидеробластикалық анемия, митохондриялық цитопатия (Пирсон синдромы), спорадикалық сидеробластикалық анемия. Жүре пайда болған сидеробластикалық анемия: антибактериалды және туберкулостатикалық препараттарды қабылдаумен, қорғасынмен уланумен, созылмалы алкоголизммен, коллагенозбен, витаминдер мен микроэлементтердің тепе-теңдігінің бұзылуымен байланысты идиопатиялық (бастапқы) СБА: пиридоксин тапшылығы (В6 дәрумені), мыстың жетіспеушілігі, мырыштың артық болуы. Клиникалық және биохимиялық талдаулар (ЖҚА, сарысулық Fe, ферритин, трансферрин, В6 дәрумені), генодиагностика, миелограмманы зерттеу. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас.	ОН 1 ОН 4	2/5	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
4	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Мегалобластты анемиялар	В12 дәрумені жетіспейтін анемия: жүре пайда болған және тұқым қуалайтын (туа біткен). Аурудың немесе күйлердің этиологиясы және патогенезі. Гемопоэздің бұзылу механизмдері. Аурудың эпидемиологиясы. Аурудың клиникалық көрінісі. Диагноз қою критерийлері: аурудың клиникалық-гематологиялық көрінісі және В-12 тапшылығының зертханалық критерийлерінің болуы. В12 тапшылығы анемиясын диагностикалаудың негізгі зертханалық критерийлері. Аспаптық диагностикалық зерттеулер. Диагностика және емдеу ерекшеліктері.	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Ересектердегі иммундық тромбоцитопения	Американдық Гематология қоғамының классификациясы 2013. Амбулаториялық деңгейде жүргізілетін диагностикалық тексерулер. Клиникалық-зертханалық белгілері және клиникалық ағымның ерекшеліктері. Зертханалық зерттеулер: ЖҚА, миелограмма, коагулограмма, иммунологиялық зерттеу. Диагностиканың диагностикалық критерийлері. Асқынулар. Тромбоцитопения және тромботикалық	ОН 4 ОН 5	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды

		микроангиопатия төтенше жағдайлар ретінде. Заманауи терапия принциптері. Кортикостероидты терапия-иммундық тромбоцитопениямен ауыратын науқастарды стандартты бастапқы емдеу. Спленэктомияға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Диспансерлік бақылау. МӘС мәселелері. Пациенттермен тиімді өзара әрекеттесу. МАЖ пайдалана отырып медициналық құжаттаманы толтыру. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас. Медициналық құжаттамаларды толтыру			бағытталған оқыту - RBL	талдауды бағалау парағы
5	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Ересектердегі аутоиммунды гемолитикалық анемия	Классификациясы: идиопатиялық (бастапқы) және симптоматикалық (қайталама). Гемолитикалық анемиядағы негізгі синдромдар. Гемолиз механизмдері, клиника және зертханалық белгілер. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістері. Диагностикалық алгоритм. Дифференциалды диагноз және қосымша зерттеулердің негіздемесі. Терапияның заманауи тәсілдері. Бірінші қатардағы терапия. Екінші қатардағы терапия: спленэктомия, гендік-инженерлік иммуноглобулиндерді тағайындау. Иммуносупрессивті терапия. Төтенше жағдайлар кезіндегі шаралар алгоритмі. Емдеу тиімділігін бақылаудың амбулаториялық картасы.	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Гемостатикалық препараттар	Классификациясы: фибринолиз ингибиторлары (антифибринолитиктер), қанның ұюын күшейтетін дәрілер (коагулянттар), қан тамырларының өткізгіштігін төмендететін дәрілер. Жедел қан жоғалту кезіндегі гемостатикалық терапия алгоритмі. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас.	ОН 3 ОН 4	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
Аралық бақылау 1				**Тестілеу**		
6	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Созылмалы аурулардағы анемия және апластикалық жағдайлар	Инфекциялардағы, аутоиммунды және онкологиялық аурулардағы екіншілік анемиялар. Созылмалы аурулар анемиясының патогенезі: қабыну маркерінің жоғарылауы-гепсидин; ісік некрозының факторының әсері (TNF-альфа). Панцитопения, апластикалық және	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау

		гипопластикалық анемия. Емдеудің заманауи тәсілдері.				
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Гемопоэз депрессиясы	Цитостатикалық ауру. Этиологиясы. Патогенез. Клиника: гематологиялық синдром, некротикалық энтеропатия, уытты гепатит, жеке органдар мен жүйелердің цитостатикалық зақымдануы (миокардит, полиневрит, энцефалопатия). Диагностика. Агранулоцитоздар және нейтропениялар. Классификациясы. Этиологиясы. Патогенез. Агранулоцитоздар мен нейтропениялардың дамуындағы иммундық факторлардың рөлі. Гаптен агранулоцитозы. Апластикалық анемия клиникасы. Жіктеу. Этиологиясы және патогенезі. Клиникасы. Дифференциалды диагностика. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас.	ОН 1 ОН 4	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
7	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Лейкемия: жедел және созылмалы	Патогенездің клондық теориясы, этиологиясы, классификациясы. Клиникалық көріністер және диагностикалық критерийлер. Лейкоздар кезіндегі синдромдарды анықтау (гиперпластикалық, геморрагиялық, анемиялық, интоксикациялық, инфекциялық асқынулар; спленомегалия). Терапияның негізгі принциптері, ремиссия, қолдаушы емдеу. Ісік прогрессиясы, даму кезеңдері клиникалық және зертханалық белгілер. Гемопоэз жүйесі ауруларының негізгі синдромдарында арнайы зертханалық маркерлерді (биохимиялық, электролиттер, ферменттер, атипті жасушалар, ісік маркерлері) анықтау. Миелограмма деректерін түсіндіру. Терапия принциптері. МӘС мәселелері. Диспансерлік бақылау. Гемопоэтикалық дің жасушаларын трансплантациялау (HSC) – қан жүйесінің ауруларын емдеудің жаңа әдісі. Болжам. Нәтижелер. Трансплантациядан кейінгі бақылау. Оңалту іс-шараларының кешені.	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Ішкі аурулар клиникасында лимфопролиферативті аурулар және қан мен қан түзу	Лейкемоидты реакциялардың классификациясы: нейтрофильді (миелоидты), лимфоцитарлық, макрофагты-моноциттік, эозинофильді, псевдобластикалық. Лейкемоидты реакциялардың себептері. Лейкемоидты реакциялардың, лимфаденопатияның, спленомегалияның	ОН 1 ОН 4	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ:	Критериальді бағалау Ғылыми

	органдарының реактивті өзгерістері.	дифференциалды диагностикасы. Диагностика. Емдеу. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас.			Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	мақалаларды талдауды бағалау парағы
8	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Гемостаз және коагулопатияның бұзылуы	Ұю жүйесінің физиологиясы. Қалыпты және патологиядағы гемостаз жүйесінің механизмдері: гемостаздағы тамыр қабырғасының рөлі; гемостаздағы гемоглобиннің, эритроциттердің, нейтрофилдердің, тромбоциттердің рөлі; гемостаздағы плазмалық механизмдердің қатысуы. Гемофилия. Виллебранд ауруы, тромбоцитопатиялар.	ОН 1 ОН 2	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Диссеминирленген тамырішілік ұю синдромының диагнозы және жедел жәрдем.	ДТҰ синдромы: диагностикасы және шұғыл көмек. Себептері. Патогенез. ДТҰ синдромының даму кезеңдері: I-гиперкоагуляцияның бастапқы кезеңі және жасушалардың тамырішілік агрегациясы; II-прогрессивті тұтыну коагулопатиясының кезеңі; III- екіншілік фибринолиздің критикалық кезеңі және айқын гипокоагуляция кезеңі; IV-қалпына келу кезеңі. Белгілері. Емдеу. Болжам және алдын алу. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас.	ОН 3 ОН 4	1/5	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
9	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Гематологиядағы заманауи фармакотерапия	Гематологияда қолданылатын препараттардың жіктелуі, әсер ету механизмі, фармакокинетикасы, жанама әсерлері, көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдері: анемияға қарсы, гемостатикалық, тромбозға қарсы, ісікке қарсы препараттар, өсу факторлары, эритропоэтиндер. МАЖ қолдана отырып медициналық құжаттамаларды толтыру.	ОН 2 ОН 5	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Трансфузионды иммуногематология негіздері	Трансфузиялық иммуногематологияның негіздері-эритроциттердің, тромбоциттердің антигендері. Гемотологиялық аурулардағы гемопоэтикалық дің жасушаларын трансплантациялауға көрсеткіштер, трансплантацияның иммунологиялық мәселелері, Реципиенттерді трансплантациялауға дайындау және гемопоэтикалық дің жасушаларын трансплантациялаудан өткен пациентті басқару. Пациенттермен тиімді қарым-қатынас.	ОН 2 ОН 4	1/5	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған	Критериальді Бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау

					оқыту - RBL	парағы
10	**Тәжірибелік сабақ.** **Тақырыбы:** Гемостаз патологиясына байланысты қан кетудің шұғыл диагностикасы және терапиясы	Хирургиялық және акушерлік-гинекологиялық тәжірибеде гемостаз патологиясына байланысты жедел қан кетулерді диагностикалау және емдеу. Жедел қан кетудің себептері. Жедел қан кетудің шұғыл клиникалық және зертханалық диагностикасы. Гемостаздың бұзылуына негізделген жедел қан кетудің патогенетикалық терапиясы. Алдын алу. Жедел көмек: парапротеинемиялық кома, гемолитикалық дағдарыстар, ДТҰ, анемиялық кома, трансфузиядан кейінгі асқынулар: гемотрансфузиялық шок.	ОН 2 ОН 3	4	Науқасты тақырыптық талдау	Тест сұрақтары арқылы бастапқы білімді бағалау, критериалды бағалау
	ОБӨЖ БӨЖ тапсырмасы. Тақырып: Жүрек клапандарының ақаулары кезіндегі гемодинамикалық бұзылыстар	Цитостатикалық химиотерапия. Сәулелік терапия. Гендік-инженерлік биологиялық терапия. Антибиотикалық терапия. Гематологиялық науқастарды емдеудегі глюкокортикостероидты гормондар. Гематологиялық науқастарды хирургиялық емдеу. Қан ауруларын емдеудегі трансфузиялық терапия. Гематологиялық науқастарды экстракорпоральды емдеу	ОН 2 ОН 3	1/6	ОБӨЖ: ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL	Критериальді бағалау Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау парағы
Аралық бақылау-2:				**Тестілеу**		
Аралық аттестацияға дайындау және жүргізу				**(пәнге берілген жалпы сағат санынан 10%) – 12 сағат**		

9.	**Оқыту және бағалау әдістері:**	
9.1	Дәріс	-
9.2	Тәжірибелік сабақ	«Стандартталған пациент» әдісі, науқасты тақырыптық талдау
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	ЖТД бөлімшесінде жұмыс істеу. БӨЖ: Ғылыми бағытталған оқыту - RBL
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу
10.		**Бағалау критерийлері**
10.1		**Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері**
№ ОН		
ОН 1	**Оқыту нәтижелері аталуы**	**Пациентті тексеруді жүзеге асырады және дәлелді медицина тұрғысынан диагностикалық зерттеу жоспарын**

	ОН1	
	Өте жақсы	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектер арасында ең көп таралған кардиологиялық аурулары бар пациенттерді тексеру жоспарын жасау, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтау және қазіргі ғылыми деректерді ескере отырып, олардың тағайындалуын негіздеу дағдыларын меңгерген. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектердің ең көп таралған кардиологиялық ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу бойынша білімдерін көрсетеді және олардың клиникалық маңыздылығын түсіндіре алады. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады.
	Жақсы	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектер арасында ең көп таралған кардиологиялық аурулары бар пациенттерді тексеру жоспарын жасау дағдыларын меңгерген, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтамайды және оларды тағайындауды негіздеу кезінде қиындық сезінеді. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін және олардың клиникалық маңыздылығын түсіндіру қабілетін көрсету кезінде принципиалды емес қателіктер жібереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және клиникалық хаттамаларды қолданады
	Қанағаттанарлық	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектер арасында ең көп таралған кардиологиялық аурулары бар пациенттерді тексеру жоспарын жасау дағдыларын нашар меңгерген, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтамайды, олардың тағайындалуын негіздей алмайды. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін түсіндіру кезінде өрескел қателіктер жібереді және олардың клиникалық маңыздылығын түсіндіре алмайды. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен толық жұмыс істемеген.
	Қанағаттанарлықсыз	Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектер арасында ең көп таралған кардиологиялық аурулары бар пациенттерді тексеру жоспарын жасау, амбулаториялық деңгейде тексерудің толық тізбесін сақтау және қазіргі ғылыми деректерді ескере отырып, олардың тағайындалуын негіздеу дағдыларын меңгермеген. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін түсіндіре алмайды. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен жұмыс істемеген.
	ОН 2	**Кардиологиялық науқастарды емдеу, алдын алу, оңалту жоспарын әзірлеу дағдыларын қолданады және фармакокинетикасы мен медициналық көмек көрсету стандарттарына, клиникалық ұсынымдарға сәйкес әртүрлі топтағы препараттардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, дәрілік препараттарды таңдауды негіздейді**
	Өте жақсы	Ересектердің ең кең таралған кардиологиялық аурулары кезінде емдеу және алдын алу жоспарын жасауда білімді қолданады. Емдеу және алдын алу жоспарын әзірлеу кезінде барлық талаптарды, науқастың жеке ерекшеліктерін, дәрі-дәрмектердің көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін ескереді, клиникалық хаттамаларда көрсетілген барлық талаптарды дәлдікпен және толық көлемде сақтайды. Әр түрлі топтағы препараттардың олардың комбинацияларымен өзара әрекеттесуін ескереді. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады.
	Жақсы	Ересектердің ең кең таралған кардиологиялық аурулары кезінде емдеу және алдын алу жоспарын жасауда білімді қолданады. Емдеу және алдын алу жоспарын әзірлеу кезінде интерннің өзі түзететін негізгі емес қателіктер орын алады, пациенттің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдерін толық ескермейді, клиникалық хаттамаларда көрсетілген талаптарды толық сақтамайды. Әр түрлі топтағы препараттардың олардың комбинацияларымен өзара әрекеттесуін ескереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және клиникалық хаттамаларды қолданады
	Қанағаттанарлық	Ересектердегі ең көп таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және алдын алу жоспарын әзірлеу кезінде дәлсіздіктерге

		жол береді, пациенттің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдерін толық ескермейді, клиникалық хаттамаларда көрсетілген талаптарды ұстанбайды. Әр түрлі топтағы препараттардың өзара әрекеттесуін олардың комбинациясы кезінде толық ескермейді. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен толық жұмыс істемеген.
	Қанағаттанарлықсыз	Ересектердегі ең көп таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және алдын алу жоспарын әзірлеу кезінде өрескел қателіктер жібереді, пациенттің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдерін ескермейді, клиникалық хаттамаларда көрсетілген талаптарды ұстанбайды. Әр түрлі топтағы препараттардың олардың комбинациясы кезінде өзара әрекеттесуін білмейді. Силлабуста ұсынылған клиникалық хаттамалар мен әдебиеттермен жұмыс істемеген.
	ОН 3	**Ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету кезінде шешім қабылдайды**
	Өте жақсы	Дәлдікпен, толық көлемде, пациенттердің жағдайын бағалау кезінде дәйекті түрде тексеру жүргізеді және көмек көрсету тактикасын дұрыс анықтайды. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету алгоритмдерін пайдалану дағдыларын толық меңгерген. Көрсетілген іс-шаралардың тиімділігін бағалай алады және көмек көрсетілгеннен кейін пациенттердің функционалдық жағдайына дұрыс мониторинг жүргізеді. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады.
	Жақсы	Пациенттердің жағдайын бағалау кезінде толық тексеру жүргізеді, бірақ тексеру тәртібін толық сақтамайды. Көмек көрсету тактикасын дұрыс анықтайды. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету алгоритмдерін пайдалану дағдыларын толық меңгерген. Көрсетілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау кезінде интерн өзі түзететін қағидаттық емес қателіктерге жол береді. Көмек көрсетілгеннен кейін пациенттердің функционалдық жағдайына дұрыс мониторинг жүргізеді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және клиникалық хаттамаларды қолданады.
	Қанағаттанарлық	Пациенттердің жағдайын бағалау кезінде толық емес және дәйекті емес тексеру жүргізеді және көмек көрсету тактикасын анықтау кезінде дәлсіздіктерге жол береді. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету алгоритмдерін пайдалану кезінде қателіктер жібереді. Көрсетілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау дағдыларын жеткілікті меңгермеген. Көмек көрсетілгеннен кейін пациенттердің функционалдық жағдайына дұрыс мониторинг жүргізеді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттер мен клиникалық хаттамалармен толық жұмыс істемеген.
	Қанағаттанарлықсыз	Пациенттердің жағдайын бағалау кезінде тексеру жүргізу дағдыларына меңгермеген және көмек көрсету тактикасын анықтай алмайды. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге күрделілігі екінші санаттағы шұғыл және жедел білікті медициналық көмек көрсету алгоритмдерін пайдалану кезінде өрескел қателіктер жібереді. Көрсетілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау дағдыларын меңгермеген. Силлабуста ұсынылған әдебиеттер мен клиникалық хаттамалармен жұмыс істемеген.
	ОН 4	**Терапевт-дәрігер құзыреттілігі аясында пациенттердің жай-күйін кешенді бағалау және динамикалық бақылау кезінде пациенттермен, олардың отбасы мүшелерімен және әріптестерімен тиімді өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қолданады, гематологиялық науқастардың еңбекке қабілеттілігін және жұмысқа жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалтуға сараптама жүргізуге қатысады.**

	Өте жақсы	Жұмысқа қабілеттілігі мен кәсіптік жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту сараптамасын жүргізу үшін гематологиялық пациенттердің тіршілігін ету қабілеті шектелуінің күйі мен дәрежесін кешенді бағалау кезінде коммуникативтік дағдыларды толық көлемде меңгерген. Науқастың мәселесін шешуде пациенттің отбасы мүшелерімен және әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орнатады. Оңалту іс-шараларын таңдау және оңалту нәтижесін бағалау кезінде тиімді коммуникация бойынша білімін пайдаланады. Жалпы гематологиялық аурулары бар науқастарды скринингтік зерттеулер жүргізу, диспансерлеу, оңалту бойынша дағдыларын қолданады. Жүргізілген скринингтік зерттеулер мен алдын алу шараларының тиімділігін бағалау критерийлері туралы білімдерін дәлдікпен және толық көлемде көрсетеді және оларды тәжірибеде қолдана алады. Коммуникативтік дағдыларды толық меңгерген. Гематологиялық науқастардың еңбекке қабілеттілігін және жұмысқа жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту критерийлерін анықтай алады. Ғылыми мәліметтер базасынан алынған білімді қолданады
	Жақсы	Жиі таралған гематологиялық ауруларды анықтау бойынша скринингтік зерттеулер, диспансерлеу, оңалту жүргізу дағдыларын меңгерген. Жүргізілген скринингтік зерттеулер мен алдын алу шараларының тиімділігін бағалау критерийлерін білуде дәлсіздіктерге жол береді, оларды практикада пайдалану кезінде қиындықтар сезінеді. Гематологиялық науқастардың жұмысқа қабілеттілігі және кәсіби жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту критерийлерін анықтай алады. Пациенттермен қарым-қатынас кезінде коммуникативтік дағдыларының кейбір элементтерін сақтамайды. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қолданады.
	Қанағаттанарлық	Жиі таралған гематологиялық ауруларды анықтау бойыншы скринингтік зерттеулер жүргізу, диспансерлеу, оңалту дағдыларын жетік меңгермеген. Жүргізілген скринингтік зерттеулер мен алдын алу шараларының тиімділігін бағалау критерийлерін анықтау кезінде қателіктер жібереді, оларды тәжірибеде қолдана алмайды. Пациенттермен қарым-қатынас кезінде коммуникативтік дағдыларының маңызды элементтерін сақтамайды, гематологиялық науқастардың жұмысқа қабілеттілігін және кәсіби жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту критерийлерін анықтауда қиындықтар сезінеді . Силлабуста ұсынылған әдебиеттермен толық жұмыс істемеген.
	Қанағаттанарлықсыз	Жиі таралған гематологиялық ауруларды анықтау бойыншы скринингтік зерттеулер, диспансерлеу, оңалту жүргізу дағдыларын меңгермеген. Жүргізілген скринингтік зерттеулер мен алдын алу шараларының тиімділігін бағалау критерийлерін анықтау кезінде өрескел қателіктер жібереді. Коммуникативтік дағдыларды нашар меңгерген, гематологиялық науқастардың жұмысқа қабілеттілігін және кәсіби жарамдылығын уақытша және тұрақты жоғалту критерийлерін анықтау критерийлерін білмейді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттермен жұмыс істемеген.
	ОН 5	**Медициналық ақпаратты талдау, оқыту және клиникалық тәжірибені жетілдіру үшін заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын (соның ішінде шешімдерді қолдау жүйелері мен ChatGPT) қолданады, Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті, заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес медициналық құжаттаманы жүргізу дағдыларын қолданады, аналитикалық және зерттеушілік тәсілдерді қолдана отырып клиникалық талқылауларға және пәнаралық консилиумдарға қатысады.**
	Өте жақсы	Терапевт-дәрігердің құзыреті шеңберінде ересек тұрғындарға амбулаториялық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесін (ИСЖ) пайдалану бойынша білімін толық меңгерген. Дәлдікпен және толықтығымен бұл білімді тәжірибеде, гематологиялық науқастар мәселелері бойынша емхананың ИЗЖ-мен жұмыс істеу кезінде және медициналық құжаттаманы, оның ішінде электрондық құжаттарды ресімдеу кезінде дұрыс қолданады. Техникалық

		сауаттылық, озық деңгей, шешімдерді қолдау үшін әртүрлі цифрлық жүйелерден (ЭӘК, зертханалық нәтижелер, зерттеу базалары) деректерді біріктіреді; ЖИ нәтижелерін сыни түсіндіру: деректердің белгілі бір пациентке қолданылуын бағалайды, ЖИ талдауының шектеулерін анықтайды, клиникалық тәжірибемен біріктіреді; клиникалық тәжірибені жетілдіру: клиникалық тәжірибені жетілдіру: жаңа тәжірибелерді әзірлейді және енгізеді; клиникалық жұмыс формалары: нәтижені болжау үшін ЖИ қолдану, терапияның тиімділігін бағалау үшін үлкен деректерді талдау, пациенттердің маршруттауын оңтайландыру, жеке емдеу жоспарларын қалыптастыру; байланыс және оқыту: ЖИ көмегімен оқыту жағдайларын әзірлейді, басқа интерндерді оқытады, технологияларды жауапкершілікпен пайдалану мәдениетін қалыптастырады
	Жақсы	Дәрігер-терапевт құзыреті шеңберінде ересек тұрғындарға амбулаториялық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесін пайдалану бойынша барлық қажетті білімді толық меңгермеген, гематологиялық науқастар мәселелері бойынша емхананың ИСЖ-мен жұмыс істеу кезінде және медициналық құжаттаманы, оның ішінде электрондық құжаттаманы ресімдеу кезінде интерннің өзі түзететін дәлсіздіктер мен қателіктерге жол береді. Техникалық сауаттылық, орташадан жоғары деңгей, пациенттердің деректерін талдау үшін мамандандырылған медициналық базаларды (PubMed, Cochrane, eLibrary), цифрлық құралдарды пайдаланады; ЖИ нәтижелерін сыни түсіндіру: ЖИ жауаптарын клиникалық хаттамалармен, бейіндік қауымдастықтардың ұсыныстарымен салыстырады; клиникалық тәжірибені жетілдіру: күнделікті процестерді жеделдету үшін ЖИ қолданады: клиникалық шешімдерді қолдау үшін ЖИ қолданады (анамнезді құрылымдау, мақалаларды талдау, есептер дайындау, медициналық құжаттаманы дайындау, медициналық мәтіндерді аудару); нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалайды; коммуникация және оқыту: пациентке күрделі ақпаратты қолжетімді түрде түсіндіру үшін ЖИ қолданады
	Қанағаттанарлық	Дәрігер-терапевт құзыреті шеңберінде ересек тұрғындарға амбулаториялық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесін пайдалану бойынша қажетті білімді толық меңгермеген және медициналық құжаттаманы, оның ішінде электрондық құжаттаманы ресімдеу кезінде қателіктер жіберген. Гематологиялық науқастардың мәселелері бойынша емхананың ИСЖ-мен жұмыс істеу кезінде қиындықтарға тап болады. Техникалық сауаттылық, орта деңгей, цифрлық ресурстарға бағдарланады, цифрлық құралдармен және ЖИ-пен сенімді жұмыс істейді, сұраныстарды тұжырымдай алады, клиникалық ұсынымдар бойынша ақпараттың дұрыстығын тексереді; ЖИ нәтижелерін сыни тұрғыдан түсіндіру: алынған ақпаратты тексерусіз сенеді; клиникалық практиканы жетілдіру: цифрлық технологияларды анықтамалық ретінде пайдаланады (мысалы, дозаларды, емдеу стандарттарын нақтылау); байланыс және оқыту: анықтамалық материалдарды дайындау үшін ЖИ қолданады
	Қанағаттанарлықсыз	Дәрігер-терапевт құзыреті шеңберінде ересек тұрғындарға амбулаториялық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесін пайдалану бойынша қажетті білімі жоқ және гематологиялық науқастар мәселелері бойынша емхананың АЖ-мен жұмыс істей алмайды. Силлабуста ұсынылған әдебиеттермен жұмыс істемеген. Техникалық сауаттылық, базалық деңгей, цифрлық ресурстарға бағдарланады, клиникалық ұсынымдар мен анықтамалық ақпаратты іздей алады; ЖИ нәтижелерін сыни тұрғыдан түсіндіру: алынған ақпаратты тексерусіз сенеді; клиникалық тәжірибені жетілдіру: цифрлық технологияларды анықтамалық ретінде пайдаланады (мысалы, дозаларды, емдеу стандарттарын нақтылау); байланыс және оқыту: анықтамалық материалдарды дайындау үшін ЖИ пайдаланады
10.2	**Оқыту әдістері мен технологияларын бағалау критерийлері**	
Практикалық сабаққа арналған тексеру парағы		

		Бағасы	Бағалау критерийлері
1			Науқасты тақырыптық талдау
